

«ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ АЛАШ ИДЕЯЛАРЫ» атты
халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 30-31 қазан, 2017 жыл

«YÜZYILLAR KAVŞAĞINDA ALAŞ FİKİRLERİ»
Uluslararası bilimsel ve teorik konferansın
MATERYALLERİ

Almatı, Kazakistan, 30-31 Ekim 2017

MATERIALS
of the international scientific and theoretical conference
«THE IDEA OF ALASH AT THE TURN OF THE CENTURY»

Almaty, Kazakhstan, 30-31 October 2017

Жауапты редакторлар:

Рамазанов Т.С. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректор,
ҚР ҰҒА академигі

Кәрібаев Б.Б. – Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі

Құрастырушы

Байдавлетова М.Д. – Қазақстан тарихы кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және
халықаралық байланыс жөніндегі орынбасары, PhD

«Ғасырлар тоғысындағы алаш идеялары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдар. Алматы, 30-31 қазан 2017 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 206 бет.
ISBN 978-601-04-3197-3

«Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің 100 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағына шетелдік және отандық ғалымдардың «Алаш» идеясы мен Алаш мәселесінің тарихи аспектілері туралы зерттеулері топтастырылды.

Жинақ тарихшы мамандарға, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне және тарихқа қызығушылық білдіретін көпшілік қауымға арналған.

Баяндама мәтіні мен мазмұнындағы қателер үшін автор жауапты.

ISBN 978-601-04-3197-3

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

АЛҒЫ СӨЗ Г.М. Мұтанов	3
-----------------------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС/ ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Перуашев А.Т. Құттықтау сөз.....	4
Хюлия Касапоғлу Ченгел. Түркістан әдебиетінде Алаш	5
Қабылдинов З.Е. XIX ғасырдың басындағы Алаш зиялылары және қазақ мүддесі.....	8
Жапаров Б.Ә. Алаш қозғалысы тарихының дереккөздері ҚР Президенті архивінің қорларында: жинақталуы, сақталуы және жариялануы	11
Омарбеков Т. 1917 жыл: қазақ ұлттық интеллигенциясының көзқарастары	13
Махат Д. Алашордашыл оқығандардың салт-санасын әдебиет жүзінде іске асырушы.....	19

ПАНЕЛЬДІК МӘЖІЛІСТЕР / PANEL SESSIONS

БІРІНШІ ПАНЕЛЬ/ FIRST PANEL

НАКИМ Meryem. Uluslararası gelişmeler ışığında alas aydınlarının entellektuel bilgeligi hakkında.....	27
Шашаев Ә.Қ., Селкібаева А.Т. Қазақ зиялыларының XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ғылыми-ағартушылық қызметтері	30
Оразов Р.Е. Алаштық идеяда қызмет еткен Базарбай Мәметов.....	36

ЕКІНШІ ПАНЕЛЬ / SECOND PANEL

Жеменей И. Алаш және ұлттық саяси психология	40
Абдиров М.Ж. Народно-освободительное движение казахского народа и движение «Алаш»: единство идеологии и целей	45
Тасилова Н.А., Ахметжанова А.Т. Ә. Бөкейханның Ф.А. Щербина экспедициясындағы қызметі мен қазақ тарихын зерттеуге қосқан үлесі.....	53

ҮШІНШІ ПАНЕЛЬ / THIRD PANEL

Құрманғалиева Ерджиласун Г. Түркі әлемінде ағартушылық сананың ояну үрдісінде Алаш	56
Смағұлов С. Алаш қозғалысы және ел қорғау мәселесі	60
Хасанаева Л.М., Уразбаева А.М. Қазақстандағы большевиктік саяси жүйеге қарсы ұлттық саяси элита қызметі.....	65

ТӨРТІНШІ ПАНЕЛЬ / FOURTH PANEL

AKMAN ACUNGİL Fulya. Türkiye'de Aлаш araştırmaları	69
Қозыбақова Ф.А. Кенес Нұрпейіс және Алаш тарихы	72
Сағынғалиев Д. Алаш қайраткерлерінің ағартушылық қызметі мен ұлттық идеясының сабақтастық мәселелері.....	75

БЕСІНШІ ПАНЕЛЬ / FIFTH PANEL

САЙЛАН Б. Алаш қайраткерлерінің ықпалымен іргесі қаланған қазақ жастарының алғашқы ұйымдары	77
Алтымышова З. «Алаш» партиясының Кыргызстандағы филиалының жетекчиси	81
Абдыкерим Сыдыков	85
Қозғамбаева Г.Б. Алаш зиялылары және олардың шығармашылық мұраларының ақталуы жайында	85

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАЛАРЫНЫҢ АҚТАЛУЫ ЖАЙЫНДА

Г.Б. Қозғамбаева

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ,

Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, т.ғ.к.,

Алаш зиялылары және олардың тарихи, әдеби мұралар тоталитарлық қоғамда қатты жапа шеккеніне тарихымыз куә. XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ зиялылары патша үкіметінің отарлық саясаты шарықтау шегіне жеткен кезде, отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық күрестің бастапқы қадамдарын жасағаны тарихтан белгілі.

XX ғасырдың басында қазақ халықын өркениетке сүйреген саяси күрескерлер, ұлтының тағдырын ойлаушы зиялылар тобы ғасырда бір дүниеге келетін тұлғалар болатын. Олар ұлты үшін аянбай қызмет етті, көздегені – халықтың мүддесі болды. Өткен ғасыр басында қалыптасқан қазақтың ұлттық кәсіби саяси элитасы «халық жауы» деген жасанды жаламен жойылды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде «...қазақ халқының кейбір данышпан перзенттері мен көсемдері тарихтың қарғыс атқан тұзағында тұншықты, ұлттың амандығы үшін олар тарихтың тәлкегіне көнуге мәжбүр болды» деп атап көрсетті.[1,165]. Алайда 1917 жылы билік басына келген большевиктер Алаш партиясының мүшелерінің қазақ ұлтының мүдесін көздеген бағдарламасын жүзеге асыруына мүмкіндік бермеді. Осылайша, күллі қазақтың ұлттық рухын жою мақсатында әуелі Алаш зиялыларының соңына түсіп, оларды соттады, жер аударуды, соңында ату жазасына кесті. Академик, К.Нұрпейіс «Алаш һәм Алашорда» деген еңбегінде: «Кеңес өкіметі әр қырынан танылған, білімді де талантты алашорда қайраткерлерін азамат соғысы жеңіске жеткеннен кейін тарих сахнасынан кетіруге тырысып, алдау мен арбау әдісін де, қару жұмсап күштеу жолын да қолданғанын айта отырып, бұлай істеудің басты саясаты оларды Қазақстанның қоғамдық - саяси өмірінен аластату болды» [2, 215 б.] деген, тұжырым жасаған. Ал, ғалым С.Смағұлованың «Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XXғ. 20-30 жж.)» деген еңбегінде: «... шешімін таппай келе жатқан әлеуметтік мәселелерге қатысты ой пікірлерін батыл түрде білдіріп, осы басылым төңірегінде пікірталастар тудырып, қазақ зиялыларын патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы жұмылдыра білді. «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, Р.Мәрсеков және т.б. зиялылар ұлттық ерекшелікті сақтай отырып, батыстық өркениет даму бағытын ұстанды. 1919 ж. Алашорда үкіметінің қызметін тоқтатып, оның мүшелеріне бүкілодақтық Орталық атқару комитетінің 1919 ж. 4 сәуірде және 1920 ж. 15 көкегіндегі қаулыларымен кешірім жарияланып, үкімет қызметіне тартылған еді» деген мәліметтерді береді [3,347б.]. Сонымен қатар еңбекте, «Үкімет Алаш партиясы мен Алашорда үкіметі мүшелерінің мемлекеттің жауапты қызметте отыруынан қауіптенді. Оның басты себебі алашордашылардың ықпалының коммунистер арасына жайылып кетуі мүмкін деген қорқыныш еді» [3, 348 б.] деп, көрсетеді. Міне осындай саясат жүргізген кеңес үкіметі евроцентристік көзқарастан нәр алған орыс отаршылдығы өзіне қараған жұрттың интеллектілік қуатын жаншып, Алаш қайраткерлері мен олардың атына айтылып отырған жақсы сөзді тұншықтырып отырғаны баршамызға мәлім. Кеңестік дәуірде сталиндік қуғын сүргіннің жалыны шарпымаған ешкім қалмаған еді.

Қазақ елінің тәуелсіздікке қол жеткізуі әкімшіл-әміршіл жүйе ықпалымен қалыптасқан тарих ғылымын қайта қарап, төл тарихымыздағы бұған дейін бұрмаланып келген мәселелерді жаңа қырынан ашып көрсетуге мүмкіндік туғызды. Бұл жөнінде Президент Н.Ә. Назарбаев былай деп өткір айтқан болатын: «...Өткенімізді тұтас күйінде ешқандай боямасыз, қоспасыз, қаз-қалпында қабылдағанымыз ләзім. Ал өткен жылдар шежіресі үнемі әрі бұрмалаусыз зерделеп отырудың жөні бөлек. Мұның өзі өткендегі тәжірибенің жақсысынан үйрену үшін, ескі қателіктерді қаулата бермес үшін, жаманнан жирену үшін

қажет» [4]. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялы қауымы мен олардың шығармашылық мұраларының ақталуына орай, бұрын бұрмаланған тарихтың беттерін қайтадан қарап, зерделеуге тиым салынып келген мәселелерге жаңа көзқарас тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік туды. Ақпараттық құралдардан жаңа газеттер, журналдар шығарыла бастады, статистикалық ақпараттың бұрын жариялануға жатпайтын тізбесі қайта қаралып, кезінде жабық болып келген мұрағаттық және кітапханалық қорларға қол жетті.

1988 жылдың басында Қазақстан коммунистік партиясы ОК-нің жанында сталиндік репрессиялардың құрбаны болған халқымыздың ардақты ұлдары мен қыздарының саяси және шығармашылық-мәдени қызметтеріне оң баға беру туралы арнайы құрылған Комиссияның шешімдері бойынша 50-ші жылдардың соңында ақталған, алайда қандай да себептерге байланысты 60-80 жылдары кеңінен насихатталуға ықылас қоймаған қазақ зиялыларымен қатар (мәселен, С.Қожанов, Н.Төреқұлов және т.б.), бұған дейін есімдерін атауға да тиым салынған ғасыр басындағы ұлт зиялылары, олардың қоғамдық-саяси, тарихи-әдеби және мәдени-шығармашылық мұралары халқымен қайта қауышпа бастады [5,136.]. Осылайша, саяси қудалау кезіндегі, қазақ зиялылары мен жариялануға тиым салынған олардың шығармалар мен жекелеген авторлық құқықтар қалпына келтіріліп, ұлт зиялыларын ақтауға бетбұрыс басталды.

Қазақстан Республикасының Президент жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңес қабылдаған «Қазақстан Республикасының тарихи санасын қалыптастыру тұжырымдамасында» атап өтілгеніндей, «өткенді және қазіргіні ой елегінен өткізу қажеттігі Қазақстанның, оның халқының тарихи тағдырына талдау жасауды жандандырып, тереңдете түсуді мейлінше талап етеді» [6,9 б.]. Кеңестік кезеңге дейінгі және кеңестік кезеңдегі тарихты сын көзбен қайта ой елегінен өткізу демократиялық үдерістің дамуындағы маңызды белес болды. «Басқаша болуы мүмкін емес», «Тарихшылар дауласады», «Бұл жайында айтылмады», «Қазақстан тарихы: актандақтар» атты жарияланымдарда, мақалалар жинақтарында - Қазан революциясына, азамат соғысы мен Отан соғысына, большевиктер жетекшілері В.Лениннің, И.Сталиннің, Ф.И.Голощекиннің т.б.қайраткерлігіне жаңаша берілген бағалар пайда болды [6,105 б.]. Қазақстан қоғамы ешқандай кінәсы жоқ жүздеген мың адамдарды қырып-жоюдың құйтырқы әдістері, бөгде ойлыларды қуғындаудың жымсықы жүйесі т.б. туралы шындықты біле бастады. Сталиншілдіктің сұмдықтары туралы оқып білген адамдар зұлымдық төркінінен хабардар болды. Мысалы, ғалымдар Ж.Әбілғажиннің, М.Қозыбаевтың, М.Тәгімовтың Мәскеуде жарияланған және кейіннен одақтық және шетелдік жарияланымдарда олардан дәйексөз келтірілген Қазақстандағы ұжымдастыру қасіреті мен аштық туралы мақаласы оқырмандарды таң қалдырды[6,106 б.].

Алашқа қарсы науқанда большевиктер өздерінің идеологиялық машинасының барлық тетіктерін де қосуға күш салып, 1927 ж. А.Бочаговтың ал 1929 ж. Мартыненконың Алашорда тарихына байланысты, оны қаралап, «әшкерелеген» еңбектері жарыққа шықты. Бұл еңбектердің шығуы алаштық зиялы қауымды қудалау және сотқа тарту ісімен бір мезгілде жүрді. 1927 ж. қазанда ОГПУ органдарының Е.Омаровты тұтқынға алып, тергеу жүргізуінен басталған, бұл үрдіс 1930 және 1932 жылдары ұлт-азаттық қозғалысы мен шығармашылық-мәдени қайраткерлерінің үлкен тобын (А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Тынышбаев және т.б.) түрлі ауыр жазаларға кесумен аяқталды [6]. 1997 жылы «Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» жылы ретінде жарияланып, 31 мамыр саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде белгіленді. Осыған орай көптеген құпия мұрағаттық құжаттардың сыры ашылды. Мәскеу мұрағатынан «Әділет» қоғамы жетекшілерінің өтініші бойынша 1938 жылы атылған адамдардың тізімі алынды. Тізімдегі 631 адамның басым көпшілігі қазақтың маңдай алды азаматтары. Осы жерде негізгі мақсат-қазақтың бетке ұстар азаматтының көзін жойып, бүтіндей бір халықты бассыз қалдыру болғаны айқын байқалады. Тізімнен қай арыстың қай күні зұлымдықтың құрбаны болғанын көруге болады. (ақпанның 25-де С.Асфандияров, Қ.Жұбанов,С.Мендешов, Құрамысов, С.Сейфуллин, 27-де Б. Майлин, І.Қабылов, 28-де О.Жандосов). Мәскеуден жеткен тізімдегі 631 атылған адамдардың 80 пайызы-қазақтың

белгілі адамдары болған. Олардың көбі Алаштың арыстары. Тарихи деректерде, 1927-1953 жылдары 40 миллион адам, оның ішінде Қазақстан бойынша 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған. 1929-1933жж. Қазақ КСР ОГПУ саяси өкілінің үштігі 9805 іс қарап, 22933 адам жөнінде шешім қабылдаған, соның ішінде 3386 адамға ең жоғары жаза ату жөнінде үкім шығарған. Соның ішінде Батыс Қазақстан облысы бойынша 1937 ж. 853 адам қуғынға ұшырап, оның 335-і атылған, қалғандары әр түрлі мерзімдерге еңбекпен түзеу лагерлеріне жіберілген. 1938 ж. 936 адам тұтқындалып, 690-ы атылған, 246-сы сотталған [7]. Алаштанушы, Т.Жұртбайдың «Ұраным - Алаш!» атты түрме әфсанасының «Талқы» атты үшінші кітабы – «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің үстінен 1927-1932 және 1937-1938 жылдары жүргізілген тергеу ісінің материалдары негізінде жазылған еңбегі «Ел-шежіре» баспасынан 2008 жылы жарық көрді. Еңбекте: «1988 жылы қаңтарда Қазақстан Жазушылар одағының 1-ші хатшысы О.Сүлейменовтің сұрау салуымен ҚазССР Бас прокуроры Ғ. Елемесов «Алашорда» қайраткерлерінің үстінен жүргізілген тергеудің заңсыз жүргізілгеніне наразылық білдіріп, Қазақ ССР Жоғарғы сотына ұсыныс жасады. 1988 жылы 4 қарашада Жоғарғы соттың қылмысты істер жөніндегі алқасының мәжілісінде «Кеңес өкіметін қарулы көтеріліс арқылы құлату мақсатында ұйымдасқан «Алашорда» қайраткерлерінің контрреволюциялық, террористік астыртын құпия ұйымын әшкерелеу ісіне» қатысты сот үкімі қайта қаралды.... Жиында 14 томдық тергеу ісінің егжей-тегжейін зерделей тексеріп, барлық куәлардың шағымдарымен танысып, тергеу тарапынан өрескел бұрмалаушылық пен заңсыздықтардың жол берілгенін анықтады. Сонымен қатар, сол кездегі Құқықтық комиссияның төрағасы, жазушы Т.Жұртбайдың Жоғарғы соттың мүшесі К.Кенжебаевқа берген әдеби сараптамалық қорытындысы бойынша «Алашорда» қайраткерлерінің шығармалары мен ғылыми еңбектерінде кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізілмегені расталды. Нәтижесінде Қазақ КСР-нің Қылмыстық және праволық Кодексінің 375-бабын басшылыққа ала отырып Жоғарғы сот: «Шешім: КССР Халком кеңесінің жанындағы ОГПУ-дің ІҮ коллегиясының 1930 ж. 4 сәуірдегі және 1931 ж. 13 қаңтардағы Байтұрсынов Ахмет, Дулатов Міржақып, Аймауытов Жүсіпбек, Есполов Мирза-Ғазы, Ғаббасов Халел, Әділев Дінмұхамед, Бірімжанов Ғазымбек, Юсупов Ахмед-Сафа, Жұмабаев Мағжан, Омаров Елдес, Битілеуов Дамолла, Болғанбаев Хайретдин, Байтасов Абдолла, Жәленов Кәрім т.б жөніндегі қаулысының күші жойылсын, олардың іс-қимылдарынан қылмыстық әрекеттер табылмағандықтан да тергеу барысы тоқтатылсын. Қазақ КСР прокурорының наразылығы қанағаттандырылсын. ..., деген, шешім шығарды. Көп ұзамай, Қазақстан ОК идеология жөніндегі хатшысы Ө.Жәнібековтің араласуымен ҒА-да құрылған арнайы комиссияның шешімімен Алаш қайраткерлерін саяси және шығармашылық тұрғыдан ақтау туралы арнайы қаулы шықты [8, 149б.].

Қоғамда қордаланған мәселелермен табандылықпен күрес нәтижесінде жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Шоқай, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев т.б. көптеген Алаш қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері ақталды. Олардың мұраларын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік берілді. Республикамызда «Социалистік Қазақстан» газетінің 1988 жылғы көктемдегі басылымда Ш.Құдайбердиевтің шығармашылық мұрасы, желтоқсандағы санында Қазақстан компартиясы ОК құрылған комиссиясының шешімімен А.Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж.Аймауытов және т.б. қоғамдық-саяси, ғылыми әдеби қызметі бойынша қорытындылары жарияланды. 1989 ж. шілдедегі аталмыш газеттің санында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Шоқай, С.Көбеев, Б.Қаратаев, М.Сердалин, М.Тынышбаев, Халел және Жанша Досмұхамедовтер, С.Торайғыров, К.Тоғысов, С.Лапиндердің шығармашылық мұрасы бойынша толығымен ақтау турасындағы шешімін басып шығарды. Қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси, ғылыми және әдеби шығармашылық мұрасына жаңа уақыт тұрғысынан баға берілді. Осылайша кезінде Алаш қайраткерлерінің еңбектері, шығармалары жабулы күйінде қалып, тарих пен әдебиет беттеріне енбей қалғаны былай тұрсын, тіпті олардың аттары да аталмады. Қанша

уақыт өтсе де осындай тұлғалардың қазақ ұлты үшін жасаған еңбектері мен ерліктері ұмытылмай қазақ тарихында алатын орны мен әділ де, лайықты бағасы берілді.

Кеңестік кезеңде пайдалануға рұқсат етілмеген ОГПУ-дың мұрағат қорларындағы құжаттар мен басқа да материалдар негізінде жазылған К.Нұрпейісовтың және М.Қойгелдиевтің еңбектері жарық көрді. К.Н. Нұрпейістің «Алаш һәм Алашорда» еңбегінде Алаш, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және ондағы ұлттық зиялының қалыптасуы мен қызметіне қатысты зерттеулерге әдіснамалық негіз қалады. Еңбекте Түркістанда қызмет атқарған Алаш қозғалысының Оңтүстік қанатына топтасқан ұлттық зиялы өкілдерінің алаштық идеясы тұжырымдалды[1]. Сондай - ақ аталмыш мұрағат құжаттары мен жарияланған еңбектер негізінде М. Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» атты еңбегі жарияланды. М.Қойгелдиевтің Түркістан Мұхтарияты мен Алашорда үкіметін бір-бірімен сабақтас ұлттық мемлекеттік құрылымдар ретінде қарастыруы, Түркістан тарихын отан тарихының құрамды бөлігі ретінде маңызы қамтылды[9,386.]. Ғалым Т. Омарбеков: Ұлттық интеллигенция 1917 жылғы акпан төңкерісі берген мүмкіндіктерді толық пайдалана алмады. Бұған объективті және субъективті себептер кедергі келтірді. Қалыптасқан ауыр ахуалға қарамастан қазақ интеллигенциясы өкілдері 1917 жылғы Қазан төңкерісіне байланысты жергілікті жерлердегі большевиктердің озбырлықтарын әшкерелей алды. Ал бұл бүгінгі қайта жазылып жатқан тәуелсіз тарихымыздың қалыптасуы үшін зор маңызы бар» деген тұжырымдама жасайды[10,76.]. Ғалым М.Қойгелдиев: «Алаш партиясы мен Алашорда үкіметі бағдарламасы белгілі дәрежеде қазақ жұртына большевиктер ұсынған кеңестік даму жолымен бір мезгілде өмірге келген балама өркендеу жолы болатын. Біз бұл арада алаш зиялылары ұсынған жолды мінсіз, бірден-бір тура дара жол еді, деп отырғанымыз жоқ. Бірақ сол тарихи кезеңде қазақ қоғамына терең дағдарыстан өркениетті жолға шығу үшін, тарихи тәжірбие көрсетіп бергендей большевиктер ұсынған жолдан алаш зиялылары ұсынған жол анағұрлым тиімді және абзабы кем еді» деп көрсетеді[11,471б.]. Ғалым еңбегінде елдің даму барысында алаш партиясының жолы арқылы қазақ елінің ғасырлар бойы ұстанған салт- дәстүр, тәжірбиесін революциялық жолмен бірден өзгертпей, өркениетті елдердің өмірден алған тәжірбиесіне сүйене отырып жетілдіруді көксегенін білдіреді. Демократиялық бағыттағы қазақ зиялылары қазақ еліне өркениетті қоғамдық даму бағдарламасын ұсынғанымен билік басындағы большевиктік партиясы ұстанған жол қазақ елі үшін қиыншылығы мол жол болды. Міне жоғарыдағыдай даму жолы мен демократиялық бағыттағы бағдарламасын ұсынғаны үшін қазақ зиялылары тоталитарлық жүйенің құрбаны болды. Қазақ халқының тарихында азаттықты аңсап, өз елінің тәуелсіздігін қорғаған тарихи тұлғалар аз болмады, дегенмен Алаш қайраткерлерінің олардан айырмашылығы олар өркениетті елдердің дәстүрімен күресті партия құрып, саяси жолмен жүргізді. Алаш партиясы ұлттық саяси күш ретінде Алашорда үкіметін құрып және Алаш автономиясын жариялап, тәуелсіз қазақ мемлекетін құруды көкседі. Тағдырлары қайғылы аяқталғанына қарамастан, Алаш қайраткерлері елі мен жерінің, қазақ ұлтының қамын ойлап, оның жарқын болашағы үшін күресті. Олардың идеялық мұрасы саяси санасы толыққан, тәуелсіздік идеясын ту еткен бүгінгі ұрпаққа аманат, атқарған ерен істері өнегелі өсиет болып табылады. Алаш зиялылары мен олардың ұлттың рухани деңгейін көтеруге сіңірген еңбегі жайында ғалым М.Қойгелдиев пен Т.Омарбековтың ойларынша, Алашорда басшылары, сайып келгенде, екі негізгі мақсатты басты назарда ұстаған. Олар: біріншіден, қазақ елін отарлық езгіден азат ету, ал екіншіден, қазақ халқы мен дәстүрлік қоғамын ортағасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына алып шығу. Сондықтан да болар, ғалымдар алаштық зиялы қауымды «ұлттық-демократиялық зиялы қауым (интеллигенция)» деп, ал Алаш партиясын «ұлттық-демократиялық партия» деп атағанды жөн көреді [12]. Қазақтың зиялы қауым тарихы мен олардың шығармашылығын тарихи хронологиялық және нақты деректік негіздерде зерттеуді қуаттайтын еңбектерге Х.Әбжанов пен Ә.Әлпейісовтың еңбектерінің маңызы зор[13]. Сонымен қатар шетелдік ғалымдар да Алаш зиялылары туралы зерттеулер жүргізіп, еңбектер жариялауда. Алаш қайраткерлерінің тарихын, оның ішінде шет

елдерде қоныс аударған зиялылардың өмірі мен қызметін Х.Оралтай қарастырған. Х.Оралтайдың «Шетелдегі қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметі» деген мақаласында М. Шоқайдың өмірі мен қызметін кеңінен қамти отырып, оның саналы өмірін жеке қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі халықтарының барлығына бірдей қамқоршы болу жолындағы үлкен арпалыс күреспен өткізгені туралы мәліметтер берген [14]. Ал, Абдуқап Қара «Мұстафа Шоқайдың өмірі мен күресі» деген тақырыпта диссертация қорғап, нәтижесінде Ыстамбұлда 2002 ж., Алматыда 2004 ж. жеке кітап болып жарық көрді. Ғалым Францияға барып, жиналған деректік материалдар негізіндегі еңбегі жан-жақты зерделенген жаңалыққа толы [15]. Тәуелсіздік жылдарында М.Қозыбаев, В.Григорьев, К.Нұрпейісов, Ә.Тәкенов, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков және т.б. қоғамтанушы ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерінің нәтижесінде - Алаштану саласы дүниеге келді.

Қорытындылай келе, Алаш зиялылығы және олардың шығармашылығын зерттеу бүгінге дейін жалғасын тауып, өзекті мәселелер қатарынан орын алуда. Қазақ тарихында Алаш идеясы, Алаш қозғалысы әліде таразылайтын тың тақырып. Әліде оның қайраткерлері толықтай зерделеніп болған жоқ. Алаш идеясын жүзеге асыруда оның көсемдері тың серпіліс, жаңа тыныс берген, олар өз әрекеттері арқылы Алаш идеясының өміршендігі ұрпақтар жалғастығында екенін ұғындырып кетті. Алаш қайраткерлері қазақ халқы толық тәуелсіздік алған жағдайда елді қалай басқарып, дамыту, ішкі-сыртқы саясатты жүргізудегі және көрші мемлекеттермен жақсы қарым-қатынаста болу жолдарының бәрін нақты көрсетіп, белгілеп берген болатын. Ұлттық тарихымызды өскелең ұрпаққа насихаттау, бүгінгідей тәуелсіз мемлекеттігіміздің негізін қалау жолында күрес жүргізген Алаш қайраткерлерінің саяси-қоғамдық және мәдени-ағартушылық қызметтері, Алаш идеясының «Мәңгілік ел» идеясымен сабақтастығы, рухани мұралары мен рухын жастардың бойына сіңіру мақсатындағы жұмыстарынан алынатын тағылым әлі де мол.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. - 240 бет.
2. Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. - 256 бет.
3. Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 жж.), - Алматы., 2011., - ЖК «Елтаным баспасы», - 427 бет.
4. Назарбаев Н. Жадымызда жатталсын татулық дәйім сақталсын // Егеменді Қазақстан. 16.01.1998.
5. Оспанова Г. Қазақстандағы XX ғ. 80-90 жж. мәдени процестер. Тарих ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін даярланған диссер. авторефераты. - Алматы, 2001. , - 17 б.
6. Қазақстан тарихы. (Көне дәуірден бүгінге дейін) 5 томдық, I-том., - Алматы: Атамұра., - 1996., - 544 бет.
6. Омарбеков Т. Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы. // "Ақиқат", 1991. - №11.
7. Бахитова Г, Хангереева З. Жазықсыз жапа шеккендер... атты көрменің ғылыми концепциясы. olke.kz/index.php...
8. Жұрбай Т. Ұраным – Алаш!. - I-том., - Алматы :Ел-шежіре., 2008. - 472 бет.
9. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы, «Санат», 1995. – 368 б.
10. Омарбеков Т. 1917 жыл: қазақ интеллигенциясының көзқарастарын тарихнамалық талдау. // «Қазақстанның жаңа жаһандық жаңғыруы: «Алаш» және «Мәңгілік ел» идеялары» атты конференция материалдары. – Алматы., - 2017. - 7-13 бб.
11. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Монография. 1 том. - Алматы: «Мектеп», 2008. – 480 бет
12. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. - 208б.
13. Әбжанов Х., Әлпейісов Ә. Қазақ интеллигенциясы мен мәдениеті туралы. - Алматы, 1992. – 228 бет.
14. Оралтай Хасан «Елімай-лап өткен өмір» Ыстамбұл, 1999. - 791 бет.
15. <http://www.kazaktar.kz/news>